

Кейбір бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 7 қазандағы № 518 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 12 қазандағы № 992 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 қазанда № 21462 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының (шетелдік көліктерді қоса алғанда) жүріп өтуі үшін арнайы рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 672 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 739 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылы 9 ақпанда № 13029 болып тіркелген, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 27 шілдесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының (шетелдіктерді қоса алғанда) жүріп өтуі үшін арнайы рұқсат беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 672 және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 739 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 230 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 103 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылы 11 сәуірде № 13585 болып тіркелген, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 27 шілдесінде жарияланған) күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан	Республикасының	М и н и с т р д і ң	
Қ а р ж ы		м и н и с т р і м і н д е т і н	а т қ а р у ш ы
_____ Е. Жамаубаев		_____ Б. Камалиев	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК